

Қызылорда медициналық жоғары колледжі
«Медбикелік іс» мамандығы қолданбалы ғылым бакалавры
№63 топ студенті

Диплом жұмысы

Қызылорда қаласындағы №3 емханада тіркелген 6-12
жастағы балаларда йод тапшылығының алдын алудағы
мейірбике рөлінің тиімділігін бағалау.

Қызылорда 2017-2018 Ж

I. Кіріспе:

Тақырыптың өзектілігі:

Неге йод тапшылық проблемасы осыншалықты назар аудартады?

Жер шарының 1/3 халқы үшін йодты жетімсіз қабылдау қауіпінің мүмкіншілігі аса жоғары, бұл адамзаттың интеллектуалдық потенциалына тікелей төнген қауіп.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ), айтуынша мектеп жасындағы балалардың шамамен 285 млн және бүкіл әлем бойынша шамамен 2 миллиард адам жеткіліксіз йод қабылдайтынын көрсеткен. Алайда, йод тапшылығы әлемнің 50-ден астам елдерінде қоғамдық проблемасы болып саналады.

http://apps.who.int/iris/bitstream/10665/148175/1/9789241508285_eng.pdf

Халықаралық Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), Халықаралық йод тапшылығынан болатын бұзушылықтарға қарсы кеңес 2014 жылы йод тапшылығы ауруларын денсаулық сақтаудағы 118 әлем елдерінің мәселесі ретінде мойындады. Йод тапшылық бар аймақтарында 1570 млн. астам адам өмір сүреді, яғни әлем халықтарының үштен бір бөлігі йод тапшылығының салдарынын жапа шегуде. Осы элементтердің тапшылығының салдарынан 20 млн. адам ақыл-ойдың кемістігіне шалдыққан.

<http://budemzdorovi.kz/headings/firstaid/435-yododeficit-kasaetsya-kazhdogo.html>

Эндемикалық ошақтардың орталығы 14 облыстың 11-інде тіркелген. Қарағанды облысының барлық аймақтарында 9-15 жастағы балалар 24,5-28,7% -ды құраған, ал бұрын эндемия Осакаров ауданында ғана байқалған. Маңғыстау облысында балалардың 31,1% зоб тіркелген, сондай-ақ Ақтөбеде 24,6%, Атырау қаласында 46,1% эндемиялық ошақтары табылған. 9-15 жастағы балалардағы зобтың жиілігі 32,8 - 46,9% - ға дейін айтарлықтай өскен, ал жүкті әйелдерде 35,3- 59,3% - ға дейін өскен.

Йод тапшылығына қарсы күрес жөніндегі халықаралық кеңес ICCIDD (International Council for Control of Iodine Deficiency Disorders) Канадада 1985 жылы ашылған.

Бұл ұйым Үкіметтік емес болып табылады. Үйлестіру орталығы: Дэвид Хэhton мырза. Позиция: Атқарушы директор. Денсаулыққа көңіл аударылуы: Балалардың денсаулығы. Басымдықтар бойынша әрекет ету аймағы : N / Толық мекен-жайы: Оттава, Онтарио K1E 3E0, Телефон: +1 336 8529256

Миссиясы туралы мәлімдеме

ICCIDD миссиясы - үкіметтерге, азаматтарға және даму агенттіктеріне барлық тиісті серіктестерді қамтитын көп функциялы тәсіл арқылы йодты тамақтандыруға басымдылықты міндеттеме беру. [59].

<http://www.who.int/pmnch/about/members/database/iccidd/en/>

Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 14 қазандағы N 489 Заңы.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "Стандарттау, метрология және сертификаттау", "стандарттау, метрология және сертификаттау" деген сөздер тиісінше "Техникалық реттеу және метрология", "техникалық реттеу және метрология" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2007.02.05 № 228 Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасының халқы арасында йод тапшылығы ауруларының алдын алу, йодталған тұздың және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерінің өндірісі, әкелу, әкету және өткізу, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

Зерттеу мақсаты:

6-12 жас аралығындағы балалардың ата-аналарынан (20 ата-ана) йод тапшылығының алдын алу мақсатында сауалнама жүргізіп және аймақтық мейірбикенің жұмысының тиімділігін бағалау.

Зерттеу міндеттері:

- Еуропалық ғылыми-медициналық сайттардан тақырыпқа байланысты әдебиеттермен танысу;
- Әдебиеттерден жұмыстың зерттеу түрін, дизайнын, таңдамасын және әдісін оқу, зерттеу жұмысына қажетті ақпараттарды анализдеу;
- Йод тапшылығының алдын-алуда 6-12 жастағы балалардың ата-аналарынан білімін анықтау үшін сауалнама алу;
- Нәтижелерді талдап, қорытынды жасау;
- Мейірбике рөлінің деңгейін жоғарылату үшін жаңа жоба ойлап табу;
- Жаңа жобаны енгізу және қолдану;
- Қорытындылау.

Зерттеу объектісі: Қызылорда қаласы № 3 қалалық емханадағы № 13 аймақтың 6-12 жас аралығындағы балалардың ата-аналарына (20 ата-ана) йод тапшылығының алдын алу мақсатында сауалнама жүргізіп және аймақтық мейірбикенің жұмысының тиімділігін бағалау.

Әдісі: Сауалнама жүргізу.

Зерттеу жаңалығы: Зерттеу жұмысымда Қызылорда қаласының № 3 қалалық емханадағы 6-12 жас аралығындағы балалардың ата-аналарына йод тапшылығының алдын алу мақсатында оқыту әдістерін жүргіземін.

7.Зерттеу тәсілдері мен материалдары

Сауалнама

Зерттеу түрі: сапалық зерттеу

Феноменальды

Қызылорда қаласы № 3 қалалық емханадағы 4 аймақтағы 6-12 жастағы балалардың ата-аналарымен(20 ата-ана) йод тапшылығының алдын алу мақсатында сауалнама алып, әңгіме жүргізу және аймақтық мейірбикенің жұмысын бағалаймын.

Ата – аналардан мейірбике рөлінің тиімділігін бағалау үшін сауалнама жүргіземін. Балалардың ата - аналарынан сауалнама алу үшін алдын ала жазбаша рұқсат аламын.

Мен бұл сауалнаманы «Қоршаған ортадағы йод тапшылығы мәселесі» диссертациядан алдым. Олар сауалнаманы Ресей Федерациясы, Архангель облысы, Мезени қаласындағы Мезень орта мектепте жүргізген. Бұл сауалнаманы жүргізген: Старожука Б.А. <http://fyodors.narod.ru/PDF/kislak.pdf>

Анкета:

1)Кез келген эндокринді бездің қалыпты жұмыс істеуі үшін йод керек пе?

2) Қалқанша безі қандай гармон бөлетінін білесіз бе? Білсеңіз атаңыз.

3) Йодтың жетіспеушілігі қандай ауруға әсер етуі мүмкін?

4) Сіз йодталған тұзды пайдаланасыз ба?

5) Сіз теңіз өнімдерін жиі пайдаланып тұрасыз ба ? Тандалған жауаптың астын сызыңыз.

а)қолданбаймын; б)анда-санда; в)жиі; г) күн сайын

6) Төменде көрсетілген өнімдерден жиі(көп) пайдаланатын тағамдарды таңдаңыз. (кемінде 3)

теңіз балдыры

картоп

шоколад

треска

тары

чипсы

сухарики

фасоль

қызылша

лимонад

7) Сіз йод тапшылығы мәселесіне қызығасыз ба?

8) Бұл мәселені шешудің қандай әдістерін ұсынуға болады?

Нәтижесінде: Сауалнамалардың нәтижелерін талдағанымыздай, ересектердің 7% -ы және оқушылардың 16% -ы организм үшін бұл элементтің маңыздылығын білмейді және жауап беру қиын. Ересектері қалқанша бездің зоб(жемсау73%) және бадырақ көз (базедов 26%) аурулары жайлы таныс екенін көрсетті. Көптеген жігіттердің (52%) бұл сұраққа жауап беру қиынға соғады. Респонденттердің 82% -ы йодталған тұзды пайдаланады. Теңіздік диета респонденттердің 33%-ы ғана жиі кездеседі. Бұл жағдайда олардың ешқайсысы күн сайын теңіз өнімдерін пайдаланбайды. Ересектердің диетасында біздің қаламыздың картоптары 100%, қырыққабат - 93%, қызылша - 63%, кодекк - 60%, шоколад - 31%, теңіз кілті - 27% басым. Мектеп оқушылары: картоп -97%, қырыққабат 68%, шоколад -55%, чипсы-34%, теңіз балдырлары- 13%. Йод тапшылығы проблемасына қызығушылық танытқан респонденттердің көпшілігі - ересектердің 93% -ы және оқушылардың 60% -ы қызығушылық танытуда. Бұл мәселені шешу үшін ересектердің 32%-ы йоды бар азық-түлік өнімдеріне, 33%-ы тегін дәрі-дәрмектерді шығаруға, 28% -ы тәрбиелік жұмыстарды жүргізуге және 7-ы респонденттерге йод жеткіліксіздігінің бұзылуын болдырмауға көмектесетін дәрігерлермен тұрақты тексеру жүргізеді деп сенеді.

Мен осы сауалнамаға сүйене отырып Қызылорда қаласы №3қалалық емханың №13 аймақтағы 6-12 жастағы балалардың аналарынан сауалнама аламын. Қолданылған сауалнаманың 8 сұрағын алдым және өзім бір сұрақ қостым.

Сауалнама

- 1) Кез келген эндокринді бездің қалыпты жұмыс істеуі үшін йод керек пе?
- 2) Қалқанша безі қандай гармон бөлетінін білесіз бе? Білсеңіз атаңыз.
- 3) Йодтың жетіспеушілігі қандай ауруға әсер етуі мүмкін?
- 4) Сіз йодталған тұзды пайдаланасыз ба?
- 5) Сіз теңіз өнімдерін (балық, икра, теңіз орамжапырағы(морской капуста)т.б.) жиі пайдаланып тұрасыз ба? Төмендегі берілген жауаптың астын сызыңыз.

а)қолданбаймын; б)анда-санда; в)жиі; г) күн сайын

- 6) Төменде көрсетілген өнімдерден жиі(көп) пайдаланатын тағамдарды таңдаңыз.
(кемінде 3)

теңіз балдыры

шоколад

тары

сухарики

қызылша

картоп

треска

чипсы

фасоль

лимонад

- 7) Сіз йод тапшылығы мәселесіне қызығасыз ба?
- 8) Сізге мейірбике йод тапшылығы жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді ме?
- 9) Бұл мәселені шешудің қандай әдістерін ұсынуға болады?

Қызылорда қаласы №3қалалық емханада 6-12 жастағы балалардың саны- 7461. Оның ішінде ұл бала- 3474, қыз бала-3987.

Мен Қызылорда қаласы №3қалалық емхананың №13 аймақтағы 6-12 жастағы балалардың (20)ата- аналарынан келісім бойынша сауалнама алдым. Күннің суық болуына байланысты көптеген ата- аналар емханаға келмеді. Сондықтан да №13 аймақтың медағамен(медбрат) бірге 6-12 жастағы балалары бар үйді аралап сауалнама алдым. Сауалнама толтырушылардың жас аралықтары - 27-42.

Сауалнама нәтижесінде:

1). «Кез келген эндокринді бездің қалыпты жұмыс істеуі үшін йод керек пе?» деген сұраққа:

20 ата-ана – «иә» деп жауап берді.




2). «Қалқанша безі қандай гармон бөлетінін білесіз бе? Білсеңіз атаңыз.» деген сұраққа:

6 ата-ана – «білмеймін»;

7 ата-ана – «ия, тироксин»;

7 ата-ана- «жоқ» деп жауап берді.




3). «Йодтың жетіспеушілігі қандай ауруға әсер етуі мүмкін?» деген сұраққа:

8 ата-ана – «зоб»;


1 ата-ана – «бойдың дұрыс қалыптаспауы»;

5 ата-ана – «білмеймін»;

6 ата-ана – «ақыл-ойдың дұрыс дамымауы» - деп жауап берді.



4). «Сіз йодталған тұзды пайдаланасыз ба?» деген сұраққа:
20 ата-ана – «иә»- деген жауап берді.



5). «Сіз теңіз өнімдерін (балық, икра, теңіз орамжапырағы(морской капуста)т.б.) жиі пайдаланып тұрасыз ба? Төмендегі берілген жауаптың астын сызыңыз.


а)қолданбаймын; б)анда-санда; в)жиі; г) күн сайын» деген сұраққа :

13 ата-ана – «анда-санда»;

4 ата-ана – «жиі»;

3 ата-ана – «қолданбаймын» - деп жауап берді.

Сіз теңіз өнімдерін (балық, икра, теңіз орамжапырағы(морской капуста)т.б.) жиі пайдаланып тұрасыз ба? Төмендегі берілген жауаптың астын сызыңыз.



6). «Төменде көрсетілген өнімдерден жиі (көп) пайдаланатын тағамдарды таңдаңыз. (кемінде 3) Теңіз балдыры, картоп,шоколад,треска тары,чипсы,сухарики,фасоль,қызылша,лимонад.» деген сұраққа:

16 ата-ана –«картоп»

6 ата-ана –«фасоль»

8 ата-ана –«қызылша»


6 ата-ана –«лимонад»

10 ата-ана –«шоколад»

3 ата-ана –«чипсы»

3 ата-ана –«сухарики» осылай жауап берді.

Төменде көрсетілген өнімдерден жиі(көп) пайдаланатын тағамдарды таңдаңыз. (кемінде 3).Теңіз балдыры,картоп,шоколад,треска,тары,чипсы,сухарики,фасоль,қызылша,лимонад.



7). «Сіз йод тапшылығы мәселесіне қызығасыз ба?» деген сұраққа:

7 ата-ана –«жоқ»;


13 ата-ана –«иә»- деп жауап берді.



8). «Сізге мейірбике йод тапшылығы жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді ме?» деген сұраққа:

8 ата-ана –«жоқ»;

12 ата-ана –«иә» деген жауап берді.



9). «Бұл мәселені шешудің қандай әдістерін ұсынуға болады?» осы сұраққа:


11 ата-ана —«құнарлы тамақтану»;

2 ата-ана —«үнпарақтар(брошюра) таратылуы керек;

3 ата-ана —«түсіндіру жұмыстарын жүргізе беру керек»;

4 ата-ана —«білмеймін» -деген жауап берді.

Бұл мәселені шешудің қандай әдістерін ұсынуға болады?



- құнарлы тамақтану
- үнпарақтар(брошюра) таратылуы керек
- түсіндіру жұмыстарын жүргізе беру керек
- білмеймін

Қорытынды:

Сауалнама толтырушылардың 100 %-ы йодтың адам организміне керек екенін біледі және йод жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек.

Йодтың жетіспеушілігінен туындайтын ауруларды 43%-ы зоб(жемсау), 6%-ы бойдың дұрыс қалыптаспауы, 27 %-ы білмейтінін айтты, 24 %-ы ақыл-ойдың дұрыс дамымауы деп жауап берді. Сол себепті йодтың жетіспеушілігінен туындайтын аурулар жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек. 100 %-ы ас тұзын пайдаланады. Йод тапшылығын алдын алу мақсатында ұсыныс ретінде 15 %-ы түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек деп жауап берді, сол себепті мен сауалнама толтырушы ата-аналарға оқыту жұмыстарын жүргіземін.

Йод тапшылығына қарсы күрес жөніндегі халықаралық кеңес ICCIDD (International Council for Control of Iodine Deficiency Disorders) осы бағдарлама бойынша оқыту жұмыстарын жүргізу.

Оқыту жоспары:

- Сауалнама нәтижелеріне байланысты дәріс(лекция) жүргізу;
- Йод жетіспеушілігі жайлы видео көрсету;
- Кері байланыс ретінде екінші рет сауалнама жүргізу;
- Нәтижесін шығарып, бағалау.